

**Қ.Пірімов атындағы №103 орта мектеп кітапханасының 2023-2024 оқу жылындағы
"Балалар кітапханасы" жобасы аясында атқарылған жұмыстар
анықтамасы**

"Балалар кітапханасы" жобасы аясында

Қ. Пірімов атындағы 103 орта мектептің кітапханашысы Л. Қанат 8 сынып оқушыларымен «Ізгілікке қалам тартқан... жас ғұмыр» атты қазақ халқының құндылықтары жайлы таныстырылым ұйымдастырды.

Ондағы мақсатымыз: Ұлттық сана -сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты ерекшелендіріп тұратын оның : тілі, мақал- мәтелдері, лиро - эпостық және батырлар жыры, әдет- ғұрпы, салт- санасы, мәдениеті, өнері, тағамдары, қол өнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары т. б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері болады. Осылардың бәрі- ұлттық құндылықтарға жатады. Әр ұлттың ата- бабалары өздерінің өмір сүру салтына байланысты шығарып, пайдаланып, дамытып ұрпақтарына мұра етіп қалдырып отырған осының барлығы жайлы айтылып оқушыларымыз өз құндылықтары жайлы мәлімет алды.

Негізгі бөлім:

- 1) Мақалдарды дұрыс құрастыру
- 2) Тиым сөздерді жалғастыру
- 3) Қазақтың құнды өсиеттері
- 4) Жағдаяттарды шешу

Осы 4 бөлім бойынша 2 топқа бөлініп мақалдарды құрастырып, тиым сөздерді жалғастырып жарысты.

#103мектеп

#біртұтастәрбие

#балаларкітапханасы

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid09V1AQySaYime953Gpop89aWbCFPpyuvnByiGVyGiXVwY1CpTAbRFmcBSK5tJnYeqI&id=100025079268310&mibextid=Nif5oz

📖 *"Оқуға құштар мектеп"* 📖

"Оқуға құштар мектеп " және " Балалар кітапханасы" жобасы аясында Қ. Пірімов атындағы 103 орта мектептің кітапханашысы Л. Қанаттың ұйымдастыруымен 4-8 сынып оқушылары «Бір отбасы-бір кітап» атты акциясына ата аналарымен бірге кітап оқып атсалысты. Отбасымен кітап оқуға Онғарсын Саян , Құлахмет Шұғыла , Қуаңбай Ерасыл оқушыларымыз әжелерімен , ата аналарымен ертегі, салт дәстүр, мақал мәтелдер туралы кітап алып оқыды

Мақсатымыз: кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Бос уақыттарында кітап оқумен айналысу.

Кітапхана – біздің рухани құндылығымыз, теңдессіз байлығымыз, өткен заман өрнектеріндей тарихты да, әдебиетті де, басқа ғылым кереметтерін содан табатынымыз туралы түсіндіру , Сондықтан білімнің бастауы – кітап дей отырып, кітап мәртебесін көтерумен бірге, елімізде болып жатқан әрбір оқиғалардың насихатшысы екендігімізді көрсетуіміз керек. Кітап – атадан қалған асыл мұра, көненің көзі, ескінің сөзі. Ол – мәңгілікке сапар шеккен ақыл ескерткіші. Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтың сөзімен айтқанда, « Кітап – әр адамның өмірлік досы». Олай болса кітапты өзіне сенімді дос еткен, кітапханамыздың жанашыр оқырмандары. Кітапты сүйіп оқы,

Көңілге түйіп оқы -кітап сүйер жас оқырман.

#103мектеп

#оқуғақұштармектеп

#біртұтастәрбие

#балаларкітапханасы

#Bilim_quni

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02h4avqyuX6mRoPmLc9HgThUKs4r2qqenKBrSLPL6CgFYh6YFaCFeNdBP3lFUibeUml&id=100027727752106&mibextid=Nif5oz&paipv=0&eav=AfaP2ias6NITrU8GK M7lB7FcfGQX0stLnCpAdgix50G_d-mCAQkjUiQZyvCCU3Ljck&_rdr

"Оқуға құштар мектеп " және " Балалар кітапханасы" жобасы аясында Қ. Пірімов атындағы 103 орта мектептің кітапханашысы Л. Қанат 10-11 сынып оқушыларымен Қазақтың ұлы ақыны, қазақ әдебиетінің классигі, Қазақтың бірлігі, Алаштың азаттығы мен халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күреспен өткізген зиялыларымыздың бірі, қазақтың ұлы тұлғасы Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына орай "Жақұты барға жасын түспейді" атты әдеби кеш ұйымдастырды.

Мақсаты: оқырмандарды Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын таныту арқылы оның ақындық тұлғасы мен философиялық ойларынан нәр алу.

Оқырмандарды танымдық деңгейін көтеру, ойлау белсенділігін, ой — өрісін арттыру, сөздік қорын молайту, оқырмандарды мәнерлеп сауатты оқи білуге баулу

Тәрбиелік: Оқырмандарды еңбекке, төзімділікке, елін сүйуге тәрбиелеу, ақын — жазушыларға деген сүйіспеншілігін қалыптастыру.

Әдеби кеште ақын өмірімен , шығармашылығымен танысып

өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Кештің соңы «Жақұты барға жасын түспейді» атты кітап көрмесіне шолу жасалуымен аяқталды.

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1395421924725386&id=100027727752106&mibextid=oFDknk&rdid=at4MK3405sQKzamz

📖 *"Оқуға құштар мектеп "және "Балалар кітапханасы" жобасы* 📖

Қ. Пірімов атындағы №103 орта мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен "Балалар кітапханасы" жобасы аясында Қазақ даласының ұлы тұлғалары "Сұлтан Бейбарыс - Ұлы дала елінің барысы" атты тұлғатану сағаты 9,11 сынып оқушыларымен өткізілді.

🌟 Мақсаты: Сұлтан Бейбарыстың ерлігін, батылдығын, табандылығын, қайсарлығын үлгі ету, халықтық дәстүрді, әдет - ғұрыпты, тарихты қадірлеуге тәрбиелеу, ұлтжандылық, патриоттық сезімдерге баулу .

Танымдық шара барысында білім алушылар Сұлтан Бейбарыс туралы ақпараттармен танысып, алған білімдерін ортаға салды. Сұлтан Бейбарыстың құлдықтан әмірлікке дейінгі көтерілген қажырлы еңбегі, мақсат жолындағы табандылығы білім алушыларға үлгі етілді. Шығыс пен Батыстың кіндігі болған Мысыр елінің, мәдениетінің гүлденіп, әлемдік деңгейге көтерілуіне ғалымдардың қосқан үлесі жайлы түсіндірілді. Сондай- ақ, Мысыр сұлтаны Аюби Бейбарысты өзінің хатшысы етіп тағайындағаны, сол кезеңде Бейбарыс басқарған Мәмлүк мемлекетінің әскері орта ғасырлардағы екі ірі қолға — "крестілер жорығы" мен моңғол басқыншыларына тойтарыс бергені, 1260 жылы Күтіз сұлтан қайтыс болғаннан кейін, Бейбарыс таққа отырғаны туралы тарихи , танымдық мәліметтер берілді және бейнефильм көрсетілді.

Мысырда мәмлүктер мемлекетінің негізін қалаған Дешті Қыпшақ даласының атақты перзенті Бейбарыс бабамыз бүгінгі ұрпаққа қашан да мақтаныш. Сондықтан да оның ерлік тарихын жаңғыртып отыру, кейінгілерге жеткізу әр өз тарихын, отанын, ата-бабасын сыйлаған ұрпақтың қасиетті міндеті екенін түсіндіру танымдық сағатымыздың көздеген басты мақсаты болды.

#оқуғақұштармектеп

#балаларкітапханасы

#біртұтастәрбие

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1445027103098201&id=100027727752106&mibextid=oFDknk&rdid=mRTaAABRNobVf1IA

📖 *"Оқуға құштар мектеп "және "Балалар кітапханасы" жобасы* 📖

Қ. Пірімов атындағы №103 орта мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен "Балалар кітапханасы" жобасы аясында Қазақ даласының ұлы тұлғалары "Сұлтан Бейбарыс - Ұлы дала елінің барысы" атты тұлғатану сағаты 9,11 сынып оқушыларымен өткізілді.

🌟 Мақсаты: Сұлтан Бейбарыстың ерлігін, батылдығын, табандылығын, қайсарлығын үлгі ету, халықтық дәстүрді, әдет - ғұрыпты, тарихты қадірлеуге тәрбиелеу, ұлтжандылық, патриоттық сезімдерге баулу .

Танымдық шара барысында білім алушылар Сұлтан Бейбарыс туралы ақпараттармен танысып, алған білімдерін ортаға салды. Сұлтан Бейбарыстың құлдықтан әмірлікке дейінгі көтерілген қажырлы еңбегі, мақсат жолындағы табандылығы білім алушыларға үлгі етілді. Шығыс пен Батыстың кіндігі болған Мысыр елінің, мәдениетінің гүлденіп, әлемдік деңгейге көтерілуіне ғалымдардың қосқан үлесі жайлы түсіндірілді. Сондай- ақ, Мысыр сұлтаны Аюби Бейбарысты

өзінің хатшысы етіп тағайындағаны, сол кезеңде Бейбарыс басқарған Мәмлүк мемлекетінің әскері орта ғасырлардағы екі ірі қолға — "крестілер жорығы" мен моңғол басқыншыларына тойтарыс бергені, 1260 жылы Күтіз сұлтан қайтыс болғаннан кейін, Бейбарыс таққа отырғаны туралы тарихи, танымдық мәліметтер берілді және бейнефильм көрсетілді.

Мысырда мәмлүктер мемлекетінің негізін қалаған Дешті Қыпшақ даласының атақты перзенті Бейбарыс бабамыз бүгінгі ұрпаққа қашан да мақтаныш. Сондықтан да оның ерлік тарихын жаңғыртып отыру, кейінгілерге жеткізу әр өз тарихын, отанын, ата-бабасын сыйлаған ұрпақтың қасиетті міндеті екенін түсіндіру танымдық сағатымыздың көздеген басты мақсаты болды.

#оқуғақұштармектеп

#балаларкітапханасы

#біртұтастәрбие

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1445027103098201&id=100027727752106&mibextid=oFDknk&rdid=mRTaAABRNobVfIA

«Алғыс айту парызым»

Мақсаты:

- Алғыс айту мәдениетін қалыптастыру;
- Оқушылардың бір-біріне, ұстаздарына және ата-аналарына деген құрметін арттыру;
- Ризашылық сезімінің адам өміріндегі маңызын түсіндіру.

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02ZWokRwhWajjZgMdzxjKoS7dDfGew1hn7WNC4eBypWnjm87afUUYJnc5PhAY5dSWQ1&id=100027727752106&mibextid=Nif5oz&paipv=0&eav=Afa35fT3rPKluAd4WQtnvPkREUQFXSqmTRav57EESUETWT8jUAYhXnXB26uUI2mFKbc&_rdr

**Қ.Пірімов атындағы №103 орта мектеп кітапханасының 2024-2025 оқу жылындағы
"Балалар кітапханасы" жобасы аясында атқарылған жұмыстар
анықтамасы**

== "Балалар кітапханасы" ==

Қ.Пірімов атындағы №103 орта мектеп кітапханашысы Л.Қанат "Балалар кітапханасы" жобасы аясында 5 қыркүйек — Тілдер күніне орай, «Тіл тағдыры-ел тағдыры» атты 5-сынып оқушыларына көрме өткізді.

Көрмеде Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы, тіл біліміне қосқан үлесі кеңінен таныстырылды.

Оқушыларға ұлт ұстазының еңбектерін насихатталып, көрменің мазмұны нақыл сөздермен айшықтала түсті.

Іс-шараның мақсаты – ұлы тұлғаның еңбегін жас ұрпаққа таныту, ана тілді құрметтеуге баулу.

"Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады" – деп А.Байтұрсынұлы айтқандай, ана тілді құрметтеу, сақтау, қадірлеу — әрбір азаматтың парызы.

#Тілдеркүні

#АнаТілі #АхметБайтұрсынұлы #103мектеп

#балаларкітапханасы

#оқуғақұштармектеп

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1854781118789462&id=100027727752106&mibextid=wwXIfr&rdid=dKcM8SYUI0fiO8Hd#

"Балалар кітапханасы"

"Оқуға құштар мектеп" жобасы

"Оқуға құштар мектеп" және

"Балалар кітапханасы" жобасы аясында Қ.Пірімов атындағы №103 орта мектеп кітапханашысы 7-сынып оқушыларымен Алаш қайраткері, әйгілі жазушы, драматург Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдығына арналған көрме ұйымдастырды.

♥ Мақсаты:

-оқушыларға Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы, ағартушылық және саяси қызметі туралы мағлұмат беру;

-ел өмірінде «Бес арыстың» атқарған қызметі жайлы таныстыру.

Оқушылар ұлттың дамуына орасан зор үлес қосқан қайраткердің өмірі мен шығармашылығына шолу жасап, өз пікірлерімен бөлісті.

#балаларкітапханасы

#оқуғақұштармектеп

#біртұтастәрбие

#103мектеп

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1672772866990289&id=100027727752106&rdid=X4fTaYpWKTZDdxSa#

"Оқуға құштар мектеп"

"Балалар кітапханасы"

Қ.Пірімов атындағы 103 орта мектеп кітапханасында "Балалар кітапханасы" жобасы аясында 9 сынып оқушыларымен "Жаңа кітаптар әлемі" атты көрме ұйымдастырылды.

Көрменің мақсаты: оқырман қауымды жаңа кітаптармен таныстыру, кітап оқуға тарту, қызығушылығын арттыру.

Көрмеге жаңадан келіп түскен әдебиеттер қойылды.

Кітап адам өміріндегі ең қажетті құндылық және ондағы білімді заман талабына сай жүйе арқылы бойымызға сіңіріп, сол арқылы өз-өзімізді тәрбиелей аламыз. Сондықтан көп кітап оқып, кітап жанашыры болуға шақырамыз.

#балаларкітапханасы

#біртұтастәрбие

#оқуғақұштармектеп

#103мектеп

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100027727752106>

≡*"Оқуға құштар мектеп"және"Балалар кітапханасы"жобасы*≡

Қ.Пірімов атындағы №103 орта мектеп кітапханашысы

1-4-сынып оқушыларымен 2сәуір Балалар кітап күніне орай «Кітап-білім бұлағы» атты кеш ұйымдастырды.

Мақсаты:Оқушыларды оқулықты құрметтей білуге, кітапты ұқыпты ұстауға баулу. Оқушының білімділік танымын өмірмен байланыстыра отырып арттыру. Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын арттыру, кітаппен достастыру.

Кеш барысында оқушылар тақпақтарын айтып

1 сынып оқушылары "Оқыған адамның көзі ашық"

2 сынып оқушылары "Кітап ескірмейді"

3 сынып оқушылары "Кітапты таза ұстамаған бала"

4 сынып оқушылары "Жалқау жауабы"атты көріністерін көрсетіп өлең айтып би биледі

Білім іздесең,

Кітаппен таныс,

Еңбегің еш болмайды.

Ақыл іздесең,

Адаммен таныс,

Өнерің кеш қалмайды.

Кітапхана - білімпаздар мекені. Оқушылар кітапханаға келіп, кітап алып оқып, керекті тапсырмаларына дайындалады. Біздің кітапхана кішкене болғанымен атқаратын қызметі өте жоғары. Кітапханаға жиі келіңіздер, бірге ізденіп, бірге еңбек етейік. Кітапты қадірлейік, сақтайық, жан серігімізге айналдырайық жас достар және жас оқырмандар.

#оқуғақұштармектеп

#балаларкітапханасы

#біртұтастәрбие

"Оқуға құштар мектеп"және"Балалар кітапханасы"жобасы*≡

Қ.Пірімов атындағы №103 орта мектеп кітапханашысы

1-4-сынып оқушыларымен «Кітап-білім бұлағы» атты кеш ұйымдастырды.

Мақсаты:Оқушыларды оқулықты құрметтей білуге, кітапты ұқыпты ұстауға баулу. Оқушының білімділік танымын өмірмен байланыстыра отырып арттыру. Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын арттыру, кітаппен достастыру.

Кеш барысында оқушылар тақпақтарын айтып

1 сынып оқушылары "Оқыған адамның көзі ашық"

2 сынып оқушылары "Кітап ескірмейді"

3 сынып оқушылары "Кітапты таза ұстамаған бала"

4 сынып оқушылары "Жалқау жауабы"атты көріністерін көрсетіп өлең айтып би биледі

Білім іздесең,
Кітаппен таныс,
Еңбегің еш болмайды.
Ақыл іздесең,
Адаммен таныс,
Өнерің кеш қалмайды.

Кітапхана - білімпаздар мекені. Оқушылар кітапханаға келіп, кітап алып оқып, керекті тапсырмаларына дайындалады. Біздің кітапхана кішкене болғанымен атқаратын қызметі өте жоғары. Кітапханаға жиі келіңіздер, бірге ізденіп, бірге еңбек етейік. Кітапты қадірлейік, сақтайық, жан серігімізге айналдырайық жас достар және жас оқырмандар.

#оқуғақұштармектеп

#балаларкітапханасы

#біртұтастәрбие

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1478905453043699&id=100027727752106&mibextid=oFDknk&rdid=3bJvRKvFIgjZRzXh

"Оқуға құштар мектеп" және "Балалар кітапханасы" жобасы аясында Қ. Пірімов атындағы 103 орта мектептің кітапханашысы Л. Қанаттың ұйымдастыруымен 1 сынып оқушылары "Мен оқырман боламын" атты кітапханаға саяхат жасады.

Мақсаты: Бүлдіршіндерді кітапханаға тарту; кітапқа деген оқушылардың қызығушылықтарын арттыру, сөйлеу мәнерін дамыту; оқушыларды кітапты сүйуге, күтіп ұстау ережелерімен таныстыру; кітап арқылы өз отбасына, Отанға, қоршаған ортасына деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.

Кітапханашы оқырмандарды кітапханамен, кітапхананы пайдалану ережесімен таныстырылды және кітап арқылы балаларды ұлттық қарым-қатынас мәдениетімен, балаларға арналған ертегі кітаптармен таныстырылды. Балалар кітапхана дегеніміз кітаптар тұратын үй екенін біліп қана қоймай, қажетті мәліметтерді алатын орталық екендігін, және де кішкентай оқырмандарға арналған көркем әдебиеттер, анықтамалықтар, сөздіктер, журналдармен таныстырды. Балалар кітапхананың болашақ оқырмандары атанатындағы туралы толық мәліметтер алды. Нәтежесінде саяхат балаларға өте ұнады.

#Оқуғақұштармектеп

#балаларкітапханасы

#біртұтастәрбие

#103мектеп

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1399689774298601&id=100027727752106&mibextid=oFDknk&rdid=cWUQajmv7IWgLPJ7

"Балалар кітапханасы" жобасы аясында Қ.Пірімов атындағы №103 орта мектеп кітапханашысы Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тіккен қазақ азаматы, Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына байланысты 6- сынып оқушыларымен "Ер есімі-ел есінде" атты көрме ұйымдастырды.

Мақсаты: қазақ халқының қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың өмір жолынан мәлімет беру, ерліктерін насихаттау, оқушыларды патриот болуға, ізденімпаздылыққа, баулу, елін, жерін қорғай білуге ерлікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Батыр ұл есімдері сақталады,
Жыр болып жүректерде жатталады.
Ғасырдан ғасырларға аңыз етіп,
Ұрпағы мәңгі бақи мақтанады.

Осындай ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, артына өшпес із қалдырған ердің ісін ұмытпай тарихымызды жаңғыртып отыру-бүгінгі ұрпақтың парызы. Елім деп туған ерлердің есімі бір ғасыр өтсе де, елдің есінде сақталары сөзсіз. Қазақтың Рақымжандай дара да дана батыры ешқашанда ұмытылмақ емес.

#Балаларкітапханасы

#Оқуғақұштармектеп

#Біртұтастәрбие

#103мектеп

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1677335166534059&id=100027727752106&rdid=RvT1FNmzxY4KzVTo#

"Балалар кітапханасы"

Оқуға құштар мектеп" жобасы

"Оқуға құштар мектеп" және

"Балалар кітапханасы" жобасы аясында Қ.Пірімов атындағы №103 орта мектеп кітапханашысы ақын, драмашы, прозашы, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Ілияс Жансүгіровтің 130 жылдығына орай 9-сынып оқушыларымен кеш ұйымдастырды.

✍️Мақсаты: Ілияс Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылық жолына шолу жасау. Жастарға Ілияс Жансүгіровтің еңбектерінің маңыздылығын көрсету.

І.Жансүгіров қазақ поэзиясының өсіп, гүлденіп, жаңа сапаға жетуіне орасан зор еңбек етіп, жас ұрпаққа терең ойға толы алуан өлеңдер үлгісін қалдырды. «Мен өзім тауда туып, тасында өстім» атты Ілияс Жансүгіровке арналған кешімізде оқушылар ақынның өмір жолдарымен танысты өлеңдерін жатқа айтыпты.

#балаларкітапханасы

#оқуғақұштармектеп

#біртұтастәрбие

#103мектеп

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1677299693204273&id=100027727752106&rdid=ohWgPPRdD98tSCYZ#

"Оқуға құштар мектеп" жобасы

"Балалар кітапханасы" жобасы

Қ.Пірімов атындағы 103 орта мектеп кітапханашысы Л.Қанат "Балалар кітапханасы" жобасы аясында 3-сынып оқушыларымен "Сиқырлы сандық" атты квест ойынын ұйымдастырды.

Мақсаты: Оқушылардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуге үйрету, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.

Квест - ағылшын тілінен аударғанда "іздеу" немесе "оқиға" дегенді білдіреді. Кез келген оқиғаны іске асыруда іздену арқылы жүзеге асыратын ойын, тапсырмалар.

Ойын 5 аялдама бойынша жүргізілді.

1 аялдама "Ой сергіту" - сұрақтар қойылады, жұмбақтар жасырылады

2 аялдама "Жасырын ертегі" - бұл аялдамада ертегілерден алынған қысқаша текс беріледі сол арқылы ертегі атын табу

3 аялдама "Шешендік өнер" кітап туралы мақал - мәтелдер жасырылады.

4 аялдама "Өлең- сөздің патшасы" ақын- жазушылардың өлеңдерін жатқа айту.

5 аялдама "Кім тапқыр" бұл аялдамада балалардың зеректілігі анықталады. Мағынасы бір сөздерді айту арқылы артық сөзді табады.

Әр аялдамада әртүрлі тапсырмалар берілген.

Оқушыларымыз белсенді және қызығушылықтары жоғары деңгейде атсалысты.

#балаларкітапханасы

#103мектеп

#Оқуғақұштармектеп

#Біртұтастәрбие

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1633097840957792&id=100027727752106&rdid=Q60zbslRD8HiTLuM

"Балалар кітапханасы" және

"Оқуға құштар мектеп" жобасы

"Балалар кітапханасы" жобасы аясында Қ.Пірімов атындағы №103 орта мектеп кітапханашысы 10- сынып оқушыларымен Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына орай "Қазақ әдебиетінің ақсұңқары" атты кеш өткізді

✍️Мақсаты: Жас ұрпақты еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күрескен, Алаштың ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармаларын оқып білуге баулу, ақынның өз заманындағы саяси - қоғамдық көзқарасын таныту, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу.

Оқушылар өздері оқыған ақын өлеңдерінің мәні мен мағанасына, тарихына терең үңіліп ақын шығармашылығымен жақынырақ танысты. Сәкен Сейфуллин – қазақтың бір туар ұлы, қазақ әдебиетінің негізін салушыларының бірі. Өлмес әдеби, мәдени мұра қалдырған ақын осы уақытта біздің арамызда жүрмесе де, өлеңдері халқымен бірге жасай бермек .

#балаларкітапханасы

#оқуғақұштармектеп

#біртұтастәрбие

#103мектеп

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1677930723141170&id=100027727752106&rdid=ZCeXp10hgIH1OHIP#

"Оқуға құштар мектеп" **жобасы**

"Балалар кітапханасы" **жобасы** аясында Қ.Пірімов атындағы №103 орта мектеп кітапханашысы 5 - сынып оқушыларымен "Салауатты өмір-көтеріңкі көңіл" атты сайыс ұйымдастырды

Мақсаты:

Оқушыларға

салауатты өмір салтын насихаттап, өз денсаулығын күте білуге, зиянды әдеттерден аулақ болуға баулу, еліміздің болашағы жастардың қолында екенін айта отырып болашаққа деген көзқарасын қалыптастыру.

Сайыс барысында оқушыларға сұрақтар қойылды, өз ойларын еркін жеткізе білді оқушылар

Ұлы ойшыл Сократқа кезінде мынадай сұрақ қойылыпты: «Адамға өмірде не қымбаттырақ, «байлық па, әлде атақ па?» деп. Сонда Сократ: Байлық та, атақ та, данқ та адамды шын бақытты ете алмайды, ауру патшадан дені сау кедей бақыттырақ» деп жауап берген екен. Яғни адам бақытты болу үшін оған денсаулық керек, ал денсаулықтың кепілі – салауаттылық. «Тіршіліктің негізі – салауатты болашақ» дей келе сайысымызды қортындыладық.

#балаларкітапханасы

#оқуғақұштармектеп

#біртұтастәрбие

#103мектеп

<https://www.facebook.com/100027727752106/posts/1678656433068599/?rdid=QA370Xc8Wkee1OQv#>
=RBeUzvzYBgTUhcRc

"Балалар кітапханасы"

Қ. Пірімов атындағы 103 орта мектептің кітапханашысы Л. Қанаттың ұйымдастыруымен "Үздік оқырман сынып" атты байқау 5-10 сынып оқушылары арасында байқау болып өтті.

Мақсаты: Оқушыларды білімділікке үйрету, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, кітап оқуға саналы түрде баулу. Өз беттерімен ізденуе тәрбиелеу.

Оқырманның әдеби кітапқа құштарлығын арттыру.

Байқауға қатысқан сыныптар шарттары бойынша жарысып додаға түсті.

Шарттары:

1. Таныстыру

2. "Жақсы кітап - жан азығы" кітап жарнамалау. Әр сынып өздерінің оқыған кітаптарына жарнама жасайды.

3. "Бейнелер әлемі шақырады" бұл кезеңде әр сынып оқырмандары образды сомдау арқылы өздерінің актёрлік қабілетін көрсетеді.

4. "Кітап үйі-кітапхана"

бейнебаян (1 мин). Бұл көрсетілімде бейнебаян арқылы өзінің сыныбын таныстыра отырып сыныпта кітап оқу дағдыларын қалыптастыру тәсілдерін көрсетеді.

Байқауға қатысқан сыныптар осы шарт бойынша жан жақты дайындалып, өз білімдерін ортаға салды.

Өз ептілігімен, өнерлерін көрсете білген сынып мүшелері ерекше көзге түсіп 1,2,3 орын иеленді.

Байқаудың қортындысы бойынша

1 орын - **5** сынып

2 орын - **7** сынып

3 орынды - **8** А сынып оқушылары иеленді.

Соңында орын алған сыныптар Алғыс хатпен марапатталды.

#үздікқырмансынып

#кітапханажәнекосымшабілімберу

#оқуғақұштармектеп

#балаларкітапханасы

#біртұтастәрбие

#мектепкітапханашылары

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1431945284406383&set=pcb.1431943377739907>

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында Қ.Пірімов атындағы №103 орта мектеп кітапханашысы 4 - сынып оқушыларымен халық жазушысы, ақын Қадір Мырза Әлидің 90 жылдығына орай өмір жолы мен шығармашылығына тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: Қадір Мырза Әлинің өмірі мен шығармашылық қызметіне шолу, және ақын шығармашылығын насихаттау. Адамгершілік, ақындық қасиеттерін таныту және тіл шеберлігін ұғындыру.

Оқырмандарға Қадір Мырза Әли шығармашылығын насихаттау, ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату, сол арқылы олардың бойында поэзия әлеміне, жалпы сөз өнеріне деген сүйіспеншілікті берік қалыптастыру болып табылады.

жырларды мәнерлеп оқуға, өлеңді өміріне серік еткен ақынға еліктеп ақынжанды болып өсуіне кең жол ашу, рухани танымын кеңейту мақсатында тәрбие сағаты өткізілді.

#балаларкітапханасы

#оқуғақуштармектеп

#біртұтастәрбие

#103мектеп

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1678653819735527&id=100027727752106&rdid=g8p6rMvwUprwTozH#

«Балалар кітапханасы» жобасы

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында Қ.Пірімов атындағы №103 орта мектеп кітапханашысы 5 сынып оқушыларымен А.Құнанбайұлының 180 жылдығына орай "Абай - дана, Абай - дара" атты көрме ұйымдастырды.

Мақсаты: Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, ақынның даналығын насихаттау.

#балаларкітапханасы

#оқуғақуштармектеп

#біртұтастәрбие

#103мектеп

<https://www.facebook.com/photo?fbid=1686628745604701&set=pcb.1686630145604561>

«Балалар кітапханасы» жобасы

Қ.Пірімов атындағы №103 орта мектеп кітапханашысы 2,3,4 сынып оқушылары арасында А.Құнанбаевтың 180 жылдығына орай

"Абайды оқы таңырқа" атты

мәнерлеп оқу сайысын ұйымдастырды.

Мақсаты: Абайды таныту, кітап сүйер қауымды көбейту.

Ұлы ақын Абай шығармашылығын мұра ретінде қабылдап, жаңа буын жас ұрпаққа танытып, терең меңгерту мақсаты көзделді.

Бастауыш сынып оқушылары байқауға белсене қатысып, ұлы ойшылдың шығармаларын жатқа айтты.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші, қатысқан оқырмандарымыз сайыс соңында алғыс хаттармен марапатталды.

#оқуғақуштармектеп

#республикалықғылымипедагогикалықкітапхана

#балаларкітапханасы

#біртұтастәрбие

#103мектеп

<https://www.facebook.com/search/top?q=%D0%B0%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D0%B4%D1%8B%20%D0%BE%D2%9B%D1%8B%20%D1%82%D0%B0%D2%A3%D1%8B%D1%80%D2%9B%D0%B0%20103%20%D0%BC%D0%B5%D0%BA%D1%82%D0%B5%D0%BF>

«Балалар кітапханасы» жобасы

«Шын жүректен кітап сыйла» акциясы аясында

14 ақпан - халықаралық кітап сыйлау күні Қ.Пірімов атындағы

№ 103 орта мектеп кітапханасында 10-14 ақпан аралығында «Шын жүректен кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылды.

Кітап – білім мен даналықтың қайнар көзі, ой-сананы кеңейту мен рухани байытудың таптырмас жолы.

Мектебіміздің оқушылары акцияға белсенді қатысып, кітапхана қорын толықтыру мақсатында кітаптар сыйлады.

Әрбір оқыған кітабыңыз сізге жаңа бастамалар мен ізденістің, өз-өзін жетілдірудің бастауы болсын!

#балаларкітапханасы

#оқуғақұштармектеп

#ғылымпедагогикалықкітапхана

#бір тұтастәрбие

#103мектеп

<https://www.facebook.com/search/top?q=%D1%88%D1%8B%D0%BD%20%D0%B6%D2%AF%D1%80%D0%B5%D0%BA%D1%82%D0%B5%D0%BD%20%D0%BA%D1%96%D1%82%D0%B0%D0%BF%20%D1%81%D1%8B%D0%B9%D0%BB%D0%B0%20103%20%D0%BC%D0%B5%D0%BA%D1%82%D0%B5%D0%BF>

20 наурыз күні 3-сынып оқушылармен "Наурыз думан" тақырыбында мерекелік іс - шара болып өтті.

Мақсаты: Дәстүрлерді сақтау және әдет - гүрпын, салт - дәстүрлеріндегі ұлттық мейрамның ерекшелігі неде екендігін бала санасына тереңдете түсіндіру болып табылады.

Іс-шара барысында ұлттық ойындар, концерттік бағдарламалар көрініс тапты.

#бір тұтастәрбие

#білімбасқармасы

#білімбөлімі

#103мектеп

"Ұлыстың ұлы күні құтты болсын"

<https://www.facebook.com/search/top?q=%D0%BD%D0%B0%D1%83%D1%80%D1%8B%D0%B7%20%D0%B4%D1%83%D0%BC%D0%B0%D0%BD%20%D1%96%D1%81%20%D1%88%D0%B0%D1%80%D0%B0>

"Балалар кітапханасы"

"Балалар кітапханасы" жобасы аясында Қ.Пірімов атындағы №103 орта мектеп кітапханашысымен "Тіл мен тарих-ұлттық тәрбиенің бастауы" атты гуманитарлық пәндер бірлестігінің онкүндігі аясында 5-11- сынып аралығында бірлесіп өткізілген "Әр өлеңі - бір әлем" атты М.Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп жатқа айту байқауы өткізілді.

Мақсаты: ақиық ақын, артына айрықша із қалдырған М.Мақатаевтың өлеңдері мен әндері арқылы оқушыларды әсемдікке, елжандылыққа тәрбиелей отырып, поэзия әлемінің сырын ашу. Оқушылар ақын өлеңдерін жатқа айтып қатысқан тыңдарман қауым, Мұқағалидың сырлы, әуенді, мұнды жырларына қанық болды деп ойлаймын.

Қатысқан оқушылар марапатталды.

#балаларкітапханасы

#оқуғақұштармектеп

#бір тұтас тәрбие

#103мектеп

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1686633552270887&id=100027727752106&rdid=ucDAmzG3GOFDQ1yy#

"Балалар кітапханасы"

"Балалар кітапханасы" жобасы аясында Қ.Пірімов атындағы №103 орта мектеп кітапханашысы 9-10 сынып оқушыларымен «Тұманбайдың тұма жырлары» атты әдеби кеш өтті.

Мақсаты: Т.Молдағалиевтың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүйеге, оны бағалай білуге, сыршыл да шыншыл ақын өлеңдерінің мәні мен маңызына үңілдіру, рухани танымын кеңейту.

"Оқуға құштар мектеп" және "Балалар кітапханасы" жобасы

Қ.Пірімов атындағы №103 орта мектеп кітапханашысы

1-4-сынып оқушыларымен 2сәуір Балалар кітап күніне орай «Кітап-білім бұлағы» атты кеш ұйымдастырды.

Максаты: Оқушыларды оқулықты құрметтей білуге, кітапты ұқыпты ұстауға баулу. Оқушының білімділік танымын өмірмен байланыстыра отырып арттыру. Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын арттыру, кітаппен достастыру.

Кеш барысында оқушылар тақпақтарын айтып

1 сынып оқушылары "Оқыған адамның көзі ашық"

2 сынып оқушылары "Кітап ескірмейді"

3 сынып оқушылары "Кітапты таза ұстамаған бала"

4 сынып оқушылары "Жалқау жауабы" атты көріністерін көрсетіп өлең айтып би биледі

Білім іздесең,

Кітаппен таныс,

Еңбегің еш болмайды.

Ақыл іздесең,

Адаммен таныс,

Өнерің кеш қалмайды.

Кітапхана - білімпаздар мекені. Оқушылар кітапханаға келіп, кітап алып оқып, керекті тапсырмаларына дайындалады. Біздің кітапхана кішкене болғанымен атқаратын қызметі өте жоғары. Кітапханаға жиі келіңіздер, бірге ізденіп, бірге еңбек етейік. Кітапты қадірлейік, сақтайық, жан серігімізге айналдырайық жас достар және жас оқырмандар.

#оқуғақұштармектеп

#балаларкітапханасы

#біртұтастәрбие

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0GTWSkUuakxpkgUpXVDF3Q6RAciZmEmJ3vcNdkcE9knVnMf9rPx8paAvYEpPz5XGI&id=100025079268310&mibextid=Nif5oz

"Оқуға құштар мектеп" жобасы

Қ. Пірімов атындағы 103 орта мектеп кітапханашысы Л. Қанаттың ұйымдастыруымен "Оқуға құштар мектеп" және «Балалар кітапханасы» жобасы аясында 5-7 сынып

оқушыларымен жалпы құстардың пайдасы туралы, оларға қамқор болуға, құстарды аялауға, табиғатты аялауға тәрбиелеу мақсатында «Құстар біздің досымыз» атты сурет салу байқауы ұйымдастырылды.

Байқауға 5 сынып оқушысы Бұғанаев Ерасыл, 6 сынып оқушысы Бейбіт Айса, Аруын Гүлсымбат, Қауыш Айзере, Қойшыбай Гүлшат, 7 сыныптан Төлебай Сырым, 8 сынып оқушылары Сермахан Арайлым, Насирилаева Ақару катысты. Оқушылар өздерінің табиғатқа, құстарға қамқор екендіктерін көрсетіп, суреттер салып жарысты. Оқушыларымыз салған суреттерін таныстырып, сол құсты не үшін тандағандары жайлы, пайдасы жайлы қысқаша мәлімет айтып өтті. Байқау соңында I орын 6 сынып оқушысы Қауыш Айзере, II орынды Бейбіт Айса иеленсе, III орынды Аруын Гүлсымбат иеленді.

Көктем жаршысы, адамзаттың досы болған құстарды аялайық. Оларға қамқор болайық. Еліміздің болашағы - білімді ұрпағында. Білім аспанында қалықтап, құсша шарықтап ұшайық. Елімізде бейбітшілік болып, бейбітшіліктің ақ құсы аспанымызды шарласын!

Білімге қарай талпынған балапан қанаттарың талмасын! - дей келе

Ой, балалар, балалар,

Аман болсын аналар

Құстарда да ана бар

Құстарда да бала бар

Кім сүймейді баласын

Балалық қып қызбайық

Құс ұясын бұзбайық

Жұмыртқасын алмайық

Обалына қалмайық

Көп күнәға батпайық

Балалар мұны ұғындар

Уәдеде тұрындар дей келе байқауымызды аяқтадық

<https://www.facebook.com/search/top?q=%D2%9B%D2%B1%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%80%20%D0%B1%D1%96%D0%B7%D0%B4%D1%96%D2%A3%20%D0%B4%D0%BE%D1%81%D1%8B%D0%BC%D1%8B%D0%B7%20103>

Мектеп кітапханашысы :



Л.Қанат